

С.К. Абильдина*, Р.К. Дюсембинова, А.Р. Рымханова, С. Риза

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан

(Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: salta-7069@mail.ru)

Scopus Authors ID: ¹56128026400, ³57193953755,

ORCID: ¹0000-0002-8324-8444, ³0000-0003-3177-4810,

Жоғары оқу орны студенттерін волонтерлік қызметке даярлаудың педагогикалық шарттары

Мақала Қазақстандағы студенттердің еріктілер қозғалысын дамыту мәселесіне және зерттеу үдерісін педагогикалық шарттарына арналған. Қазақстанда және шетелде волонтерлікті дамытудың тарихи алғышарттары қаралды, сондай-ақ кәсіптік оқыту үдерісінде инклюзивті білім беру жағдайында жоғары оқу орны студенттерін волонтерлік қызметке даярлаудың тұжырымдамалық негіздері айқындалды. Ешқандай қоғам жақсылық пен мейірімділіктің моральдық мұраттарыңыз тиімді дами алмайтыны анық. Инклюзивті білім беру шеңберінде университет студенттерін волонтерлік қызметке даярлау үдерісін сәтті қамтамасыз ететін педагогикалық факторлар анықталды. Мақалада болашақ маманның жеке қалыптасуы, волонтерлік қызметке даярлау үдерісінде оқытушылардың тұлғаға бағытталған қызметі, волонтерлік қызметке даярлау үдерісінде қолайлы психологиялық ахуал жасау сияқты факторларды анықтайды. Бұл жағдайда зерттелетін үдерістің педагогикалық шарттары анықталады. Студенттерді волонтерлік қызметке даярлаудың тиімділігі барлық анықталған факторларды көрсететін жағдай жасауға байланысты деп тұжырымдалған. Философиялық және педагогикалық әдебиетке шолу жасап, еріктілер қозғалысының қалыптасу тарихын зерттей отырып, авторлар мейірімділік пен жақсылық, «ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар» сияқты ұғымдардың мәнін нақтылайды. Мақалада авторлар жинақталған тәжірибені жүйелеуге, алынған мәліметтерді жинақтауға және инклюзивті білім беру жағдайында студенттерді волонтерлік қызметке даярлаудың тиімділігі барлық анықталған факторларды көрсететін жағдай жасауға байланысты деген қорытынды жасауға әрекет жасады.

Кілт сөздер: еріктілік, волонтерлік қызмет, ерікті бастамалар, студент, студенттік еріктілік, шарттар, педагогикалық шарттар, жоғары оқу орны, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар, инклюзивті білім беру.

Kipicne

Жалпы қоғамның әр саласында болып жатқан тың өзгерістер Қазақстандағы білім саласына да жоғары талаптар қойып отыр. Осы талаптар тұрғысынан келсек, болашақ мамандар – қазіргі жастар өздігінен батыл да шапшаң шешім қабылдай алатын, ынтымақтастық тұрғыдан қарым-қатынасқа түсетін, ұтқыр, өзгерістерге тез бейімделетін, өз елі үшін, оның әлеуметтік-экономикалық жағынан гүлденіп, өркендеуі үшін жоғары жауапкершілікті мойнына алатын, бастамашыл болуы қажет. Сол себепті бүгінгі жастардың әлеуметтік белсенділігін дамыту проблемасы өзекті әрі ерекше маңызға ие.

Бұл жөнінде Қазақстан Республикасының Президенті былай деген болатын: «Волонтерлік – патриотизмнің бір көрінісі. Еріктілер, ең алдымен, елдің игілігіне қызмет етеді. Олардың жұмысы азаматтық қоғамды одан әрі дамытуға мүмкіндік береді. Волонтерлік – «бір жеңнен қол, бір жағадан бас

шығарып» әрекет ету. Волонтерлік – халқымыздың шынайы болмысы. Бұл бастама ұлтты ұйыстырып, мемлекеттілікті нығайту үшін қажет» [1].

Жастардың әлеуметтік белсенділігін дамытудың бірден-бір жолы – еріктілер бастамалары болып табылады. Қазіргі уақытта елдегі еріктілер дамудың жаңа кезеңіне өтті. Қазақстандықтарға, әсіресе жас ұрпаққа, қоғам игілігі үшін ерікті еңбек ету қажет және бүкіл елдің табысты өмір сүру шарттарының бірі болып табылатындығы туралы түсінік пайда болды.

Бүгінгі күні волонтерлік қызмет танымалдық шыңында: белсенді азаматтар бастамашыл топтарға жиналып немесе жұмыс істеп тұрған үкіметтік емес ұйымдардың қызметіне қосылып, балалар үйлеріне, мамандандырылған медициналық мекемелерге және қандай да бір көмекке мұқтаж балаларға ерікті және өтеусіз көмек көрсетеді. Білім алушыларда адами әлеуетті ашудың, адамгершілікті тәрбиелеудің және әлеуметтік тәжірибені дамытудың ең тиімді және орынды құралдарының бірі оқыту мен тәрбиелеудегі инновациялық тәрбиелеу тәсілі – волонтерлік болып табылады.

«Волонтерлік» дегеніміз не? «Волонтер» деген кім? Бұл ұғымдар *volontaire* – ерікті және ол өз кезегінде *voluntarius, voluntas* – жақсы ерік мағынасын білдіреді.

Еріктілер (*volontaire*) өз еркімен қызмет атқарып, оған ақша алмайтын адам [2].

Еріктілер – бұл әлеуметтік маңызы бар қызметті өз еркімен жүзеге асыратын, ол үшін ешқандай ақшалай сыйақы талап етпейтін адамдар.

С.И. Ожеговтың сөздігінде «волонтерлік» деп қайтарымсыз әлеуметтік көмек, қызметтер көрсету бойынша міндеттерді ерікті орындау, мүгедектерге, науқастар мен қарттарға, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайларға тап болған адамдар мен халықтың әлеуметтік топтарына ерікті патронаж жатады [3].

Сонымен, «еріктілік» ұғымы адамдар ешкімнің мәжбүрлеуінсіз жүзеге асыратын және әлеуметтік маңызы бар мақсаттарды іске асыруға бағытталған, сыйақыны көздемейтін қызметті белгілеу үшін қолданылады.

Еріктілік немесе волонтерлік – бұл адамдардың басқалардың игілігі үшін ақы төленбейтін саналы қызметі. Бұл қоғамдық мәселелерді шешу мақсатымен әлеуметтік, мәдени, экономикалық, экологиялық және басқа да түрлі іс-шараларға адамдардың қатысуы.

Еріктілік қызмет әлеуметтік құбылыс ретінде адам құндылықтарының спектрі бар адамның жеке басына мақсатты назар аударумен сипатталады, онда адам өзінің қабілеттерін көрсете отырып, құндылықтың символы ретінде әрекет етеді. Сол себепті қайырымдылыққа жанашырлық таныту адамның басты құндылықтарының бірі болуы керек.

Волонтерлік қызметтің жетекші субъектілері еріктілер мен ерікті ұйымдар болып табылады, тұрмысы төмен және әлеуметтік әлсіз қорғалған азаматтар санатына жататын адамдар ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік мәртебесі мен материалдық жағдайына қарамастан, көмекке объективті мұқтаж адамдар да волонтерлердің көмек объектілері болып табылады. Волонтерлік қызметтің мақсаттары «вертикалды» (бастапқы, аралық және түпкілікті болып бөлу), сондай-ақ «горизонталды» (мамандануына, қызмет көрсетілетін адамдардың контингентіне және т.б. байланысты) нақтылануы тиіс. Демек, нақты мақсат – бұл белгілі бір қызмет өнімінің идеалды бейнесі және еріктіліктің жетекші міндеттерінің бірі перспективалық, стратегиялық міндеттерді де, нақты мақсаттарды да анықтау. Сонымен қатар, мақсат қою кезеңінде волонтер еріктіліктің жетекші қағидаттарын – ізгілендіру мен демократияландыруды жүзеге асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету міндетіне тап болады [4]. Біз мақаламызда сөз болып отырған жастар – болашақ мамандарды волонтерлік қызметке даярлаудың педагогикалық шарттарын қарастырып, оның тиімділігін көрсетуді мақсат тұттық.

Зерттеу әдістері

Зерттеу проблемасының теориялық-әдіснамалық негіздеріне сүйене отырып, педагогика ғылымындағы соңғы жетістіктер мен іргелі зерттеулердің тұжырымдарын, әдіснамалық негіздері басшылыққа алынды. Зерттеу барысында волонтерлік әлеуметтік қызмет ретінде қарастырылып, жүйелілік, құрылымдық, тұтас педагогикалық үдеріс, жеке тұлғалық, іс-әрекеттік т.б. жалпы ғылыми таным тұғырлары тұжырымдалды.

Волонтерлік салада жұмыс істейтін мамандарды кәсіби даярлаудың заманауи тұғырлары университеттің оқу-тәрбие үдерісі әлеуметтік-психологиялық оқытудың қарқынды әдістерімен интеграцияға негізделуі керек және олар бір уақытта және кәсіби қызмет технологияларын меңгеру және студенттің жеке басының дамуына септігін тигізеді. Зерттеу жұмысына педагогикалық мамандық студенттері алынды. Эксперименттік жұмыс екі кезеңде жүргізілді: диагностикалық және қалыптас-

тырушы. Қалыптастырушы экспериментке «Инклюзивті білім беру жағдайында студенттердің волонтерлік қызметін ұйымдастыру» атты арнайы курсты сынақтан өткізу және олардың тәжірибелік сабақтарға, ерікті акцияларға және т.б. тікелей қатысуы барысында түрлі оқу орындарынан 130 білім алушылар қатысты.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысының диагностикалық кезеңі волонтерлік қызметтің тәрбиелік әлеуетін, оның студентке жағымды әсерін анықтауға, студент-волонтерлердің қажеттіліктері мен септерін зерттеуге бағытталды. Ол үшін студенттерден сауалнамалар алынып, студенттердің волонтерлік қызметке дайындық деңгейі және олардың еріктілікке қатысу дәрежесі айқындалды.

Зерттеу жүргізу үшін болашақ еріктілердің қажеттіліктерін, еріктінің мінсіз бейнесін және оның жеке қасиеттерін анықтауға, еріктілік үдерісінде студенттердің өзін-өзі жүзеге асыру, жеке тұлғасын қалыптасту және т.б. диагностикалауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін диагностикалық әдістемелер пакеті әзірленді.

Сауалнама, тестілеу мен әңгімелесу нәтижелері бойынша болашақ еріктіге қажетті кейбір жеке қасиеттер университет студенттерінде нашар дамығандығы, олардың еріктілер жұмысындағы құндылықтар толық түсіндірілмегені анықталды. Диагностикалық эксперименттің нәтижелері студенттерді біртұтас кәсіби білім беру контекстінде волонтерлік қызметке дайындаудың мақсатты жүйесінің жоқтығын көрсетті. Анықтаушы эксперименттің мәліметтерін қорытындылай келе, біз студенттерді университетте волонтерлік қызметке даярлау үдерісі студенттердің жеке әлеуетін дамытудың негізгі міндеттерінің бірін шешуге бағытталуы керек деп санаймыз. Қалыптастырушы эксперимент студенттерді кәсіби оқыту үдерісінде волонтерлік қызметке даярлаудың болжаммен анықталған педагогикалық шарттарын сынақтан өткізуді, олардың тиімділігін тексеруді, волонтерлік қызметке сәтті дайындықтың алғышарттарын анықтауды мақсат етті.

Педагогикалық шарттардың тиімділігін дәлірек анықтау үшін қалыптастырушы эксперимент бақылау және эксперименттік топтарды қамтамасыз ететін кезеңдер бойынша жүргізілді.

Нәтижелері мен оларды талқылау

Студенттік еріктіліктің әлеуетіне теориялық қызығушылық әртүрлі елдердің зерттеушілері тарапынан өте жоғары. Іс жүзінде ол өзінің ресурсын мемлекеттік басқаруда пайдалану қажеттілігімен ынталандырылады. Көптеген мемлекеттердің үкіметтері «қоғамды үйлестіру тетіктерінің» бірі ретінде волонтерлікті насихаттайтын бағдарламаларға мектеп, колледж және университет деңгейінде инвестиция салады [5]. Ғылыми зерттеулерде студенттік еріктілік студенттердің әл-ауқатының субъективті және объективті сипаттамаларына әсер ететін білім беру қызметі [6], студенттік жастардың өзін-өзі анықтауы мен өзін-өзі ұйымдастыруын ынталандыратын әлеуметтік технология [7], жас буын өкілдерінің бос уақытын ұйымдастырудың бір түрі [8], бос уақытты мәдени капиталдың әртүрлі түрлеріне айналдыру әдісі ретінде [9] қарастырылған. Бірқатар зерттеушілер еріктілік қызметті студент тұлғасының кәсіби қалыптасуының белгілі бір кезеңі және [10] жастардың шығармашылық бастамасын жандандыратын ресурс ретінде [11] қарастырған. Еріктілік, сонымен қатар, студенттердің азаматтық әлеуметтік ролін жүзеге асыруға дайындығын қалыптастыратын педагогикалық үдеріс ретінде зерттеледі [12].

Еріктілік саласында жұмыс істейтін мамандарды кәсіби даярлаудың заманауи тұғырлары университеттің оқу-тәрбие үдерісіне кәсіби қызмет технологияларын игеруге және студент тұлғасын дамытуға ықпал ететін әлеуметтік-психологиялық оқытудың қарқынды әдістерін біріктіруге негізделуі керек [13]. Олардың кәсіби әдістер мен технологияларды пайдалануға негізделген еріктілікке қатысуы басқа адамды түсінуге және қабылдауға ықпал етеді, волонтерлік қызметке дайындық барысында студенттер серіктестердің рөлдік позициялары туралы үлгілік (стереотиптік) идеяларды жеңуге, жеке және кәсіби жетілдірудің ресурстарын іздеуге және табуға үйренеді. Студенттерді волонтерлік қызметке табысты дайындау үшін, ең алдымен, олардың ізгілікті еркі, тілегі, бастапқы даярлығы және өз жұмысының мән-мағынасының қажеттілігін түсінуі қажет. Ерікті өзінің нақты мүмкіндіктерін, өз қызметінің мүмкіндіктерін түсініп, онымен жұмыс істейтіндерді өз жағына тартуға дайын болуы үшін қосымша дайындық қажет.

Оқытушы мен студент (волонтер) арасындағы өзара іс-қимыл қоғамның ізгілік құндылықтарын ескеріп, рухани-адамгершілік түрге ие болуы тиіс. Бұл халық құндылықтарын, жеке тұлғаның қадірін, бір-біріне деген құрметке, өзара түсіністік пен жанашырлыққа, бірлесіп құру мен ынтымақтасуға негізделуі керек. Жоғары оқу орны студенттерін волонтерлік қызметке даярлау үдерісін табысты педагогикалық қамтамасыз ету үшін мынадай факторлар айқындалды: болашақ маманның тұлға-

лық қалыптасуы, волонтерлік қызметке даярлау үдерісінде жоғары оқу орны ұстаздарының тұлғалық бағдарланған қызметі, волонтерлік қызметке дайындық үдерісінде білім алушыларға тиімді, қолайлы, өзін еркін ұстауға мүмкіндік психологиялық жағдай жасау.

Болашақ мамандарды инклюзивті білім беру жағдайында волонтерлік қызметке даярлауда біз «ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар» ұғымының мәніне ерекше назар аударуымыз керек. «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар» ұғымы әр елдің заңнамалық негіздері мен тиісті терминдеріне сәйкес өзіндік сипаттамаларға ие. Қазақстан Республикасында бұл ұғымға дене дамуында өзіндік мәселелері бар, яғни физикалық мүмкіндігі шектеулі, мүгедек балалар; әлеуметтік ортаға бейімделу қиындықтары бар девиантты мінез-құлықты балалар; тұрмыстық-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәселелері бар отбасы балалары; мигрант, оралман және босқын отбасыларының балалары; қабілеті жоғары дарынды балалар, сондай-ақ мектептері жоқ елді мекендерде тұратын балаларды жатқызады. Сонымен біз оқыту мен тәрбиелеуде ерекше көзқарасты қажет ететін, сонымен қатар болашақ мамандар тарапынан кәсіби қолдауды қажет ететін балалардың барлық топтарын қарастыра аламыз. Студенттерді волонтерлік қызметке даярлау үдерісінде біз «ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар» ұғымына берілген осы сипаттаманы басшылыққа алдық.

Студенттерді волонтерлік қызметке даярлаудың тиімділігі барлық ерекшеленген факторлар көрініс табатын шарттардың жасалуына байланысты.

Білім алушыларды аталмыш іс-әрекетке даярлаудың бірінші шарты ретінде біз білім берудің маңызды қызметтерінің функцияларының бірі — волонтерлік қызметке даярлау үдерісінде олардың өзін-өзі жүзеге асыруына жәрдемдесуді қарастырдық. Кәсіптік білім беру үдерісінде студенттерді еріктілік қызметке даярлау кезінде оқытушы, егер ол «жоғары» құндылық ретінде танылса, студенттің өзін-өзі тануына, өзін-өзі жаңартуына, жеке басының қадір-қасиетіне, оған деген сеніміне, сүйіспеншілігі мен шыдамдылығына негізделген өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін мақсатты, өнімді, жеке тұлғаға бағытталған даму үдерісін жүзеге асыруға көмектеседі. Мұғалім мен студенттің осындай өзара әрекеттесуінің нәтижесінде ғана соңғысы басқалардың құқықтары мен бостандықтарына нұқсан келтірместен, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік сезімін, басқа адамдарға төзімді бола алады. Мұғалім демократиялық жолмен белгіленген заңдарға бағыну және биліктегі адамдардың пікірлері мен атаққұмарлыққа (амбицияларына) емес, қоғамдағы заңның үстемдігінің қажеттілігін түсінуге көмектеседі.

Айта кету керек, біреуге немесе бір нәрсеге студентті педагог қалағандай көзбен қарауға мәжбүрлеу мүмкін емес, өйткені қарым-қатынасты таңдауды әр адам еркін түрде жасайды. Осыған орай біз бұл мүмкіндікті ескере отырып, еріктілікке даярлау үдерісінде оқытушы студенттің педагогпен қарым-қатынасынан ләззат алу қажеттіліктеріне назар аударуы керек деп ұйғардық. Бұл қазіргі уақытта оның алдында тұрған әлеуметтік мәселелердің терең эмоционалды түсіну тәжірибесіне әкелуі мүмкін. Тек гуманистік өзара әрекеттесу үдерісінде ғана студенттің өзіндік, еркін, саналы түрде таңдалып, оларға жеке мағына беретін құндылық бағдарларының қанықтылығы жүзеге асырылады. Демек, инклюзивті білім беру жағдайында жоғары оқу орны студенттерін волонтерлік қызметке сәтті даярлаудың екінші шарты педагогикалық өзара іс-қимылды жеке мағыналармен қанықтыру болып табылады.

Студенттердің бойында жағымды «Мен-концепцияны» қалыптастыруға педагогикалық ықпал ету волонтерлік қызметке табысты даярлаудың үшінші шарты болып табылады. «Мен-концепциясы» – адамның өзі туралы идеяларының салыстырмалы түрде тұрақты, тәжірибелі немесе ерекше жүйесі, оның негізінде ол басқа адамдармен өзара әрекеттесуді қалыптастырады, адам дамитын ортаны, кеңістікті қарастыру маңызды көрініс табады. Басқа адамдармен нақты байланыстарға толы бұл кеңістік жеке адамның бар болуы мен дамуын тек «қоғамдастықта және қауымдастық арқылы» көруге мүмкіндік береді. Студенттің өз өмірінің субъектісі ретінде дамуын түсінудің бұл тәсілі сөзсіз қабылдауға, эмпатияға, заманауи адамзат қоғамының ізгілік нормаларына сәйкес келетін құрмет пен сүйіспеншілікке негізделген еріктілік қызметке даярлау үдерісінде педагогикалық өзара әрекеттесуді жүзеге асыруға көмектеседі.

Өз кезегінде, инклюзивті білім беру жағдайында кәсіптік оқыту үдерісінде студенттерді волонтерлік қызметке даярлаудың белгіленген шарттарының пәрменділігі жоғары оқу орнының білім беру үдерісінде қалыптасқан алғышарттармен қамтамасыз етіледі: студенттің жауапкершілігі, студенттер арасындағы толеранттылықтың дамуы, волонтерлік қызметке дайындық проблемасына педагогтердің белсенді құндылық қатынасы.

Жоғары оқу орны студенттерінің волонтерлік қызметке даярлау өлшемдері ретінде: еріктілік іс-әрекетте нәтижеге қол жеткізуге мотивтің қалыптасуы; біреуге қол ұшын беру құндылықтарын өмірлік маңызы бар ретінде сезіну және қабылдау; ерікті студенттердің гуманистік-бағдарланған өзара іс-қимылға ұмтылысы белгіленіп және тәжірибеде тексерілді.

Осылайша, жоғары оқу орындарының студенттерін волонтерлік қызметке тиімді даярлау барлық белгіленген факторларды, алғышарттар мен жағдайларды ескере отырып жүзеге асырылады.

Бірінші педагогикалық шарт енгізілгеннен кейін, эксперименттік топ студенттерінің жетістікке деген ынтасы артты, саналы жеке тұлға үшін өзін-өзі тану, рухани жетілудің негізі қаланды.

Екінші педагогикалық шарт енгізілген кейін зерттеу нәтижелері бойынша алынған деректерді талдау студенттердің қарым-қатынасына, іскерлік белсенділігіне бағыттылық басым болды, эксперименталды топта, ең алдымен, альтруистік құндылықтар (35 %-ға дейін) және кәсіби өзін-өзі тану деңгейі (30 %-ға дейін) біршама артты.

Үшінші педагогикалық шартты енгізу студенттердің оң «Мен-концепциясын» қалыптастыруды неғұрлым толық дамыту үшін кооперативті оқыту процесінде жүзеге асырылды.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, эксперименттік топ студенттерінің коммуникативтік құзыреттіліктің жоғары деңгейінің артқандығына мәліметтерді талдау арқылы көз жеткіздік.

Тұжырым

Сонымен, еріктілік қызмет, кез келген әлеуметтік қызмет сияқты «белгілі бір құрылымның» тұтас жүйесі болып табылады, оның элементтері дербес жұмыс істейтін және белгілі бір қасиеттерге тән тұтас бір жүйені құрайды.

Білім алушылардың еріктілік қызметке дайындығының негізгі өлшемдері: волонтерлік қызметте нәтижеге қол жеткізуге уәждеменің қалыптасуы; аталмыш қызметтің құндылықтарын, өмірлік маңызы бар екенін сезіну және қабылдау; ерікті студенттердің ізгілік-бағдарланған өзара іс-қимылға ұмтылысының барлығы тәжірибелік-эксперимент жұмыстарында оң нәтиже көрсетті.

Түрлі ғылыми әдебиеттер мен зерттеу жұмыстарының негізінде біз волонтерлік қызметке даярлау – бұл бірқатар факторлардың әсерінен қалыптасатын біріктірілген жаңа құрылым болып табылатындығына көз жеткіздік. Онда болашақ маманның қалыптасу үдерістерінің белсенділігі, волонтерлік қызметке даярлау үдерісінде оқытушылардың жеке-бағдарланған қызметі, сол үдеріске даярлаудағы мұғалімнің қолайлы психологиялық ахуал жасауы жүзеге асырылды.

Волонтерлік қызметке даярлаудың нәтижелілігі біз әзірлеген педагогикалық шарттардың: волонтерлік қызметке даярлау үдерісінде студенттердің өзін-өзі жүзеге асыруына жәрдемдесу, педагогикалық өзара іс-қимылды жеке мағыналармен толтыру, студенттерде жағымды «Мен-концепцияны» қалыптастыруға педагогикалық жәрдемдесу негізінде мүмкін болды.

Жүргізілген эксперименттік зерттеу волонтерлік қызметке даярлаудың біз анықтаған педагогикалық шарттардың нәтижелі екендігіне көз жеткізді. Олар: студенттің жауапкершілігінің жоғары деңгейі, студенттердің толеранттылығының дамуы, мұғалімдердің волонтерлік қызметке даярлау проблемасына құндылық қатынасын қалыптастырады.

Эксперименттік тексеру нәтижелері инклюзивті білім беру жағдайында жоғары оқу орнында студенттерді волонтерлік қызметке даярлаудың аталған педагогикалық шарттардың тиімділігіне қатысты алғашқы болжамның дәйектілігін растады. Әрбір шарттың дұрыс, тиімді екендігі дәлелденді, олар болашақ мамандардың кәсіби және жеке қалыптасуында бір-бірін толықтыра түспек.

Мақала материалдары ҚР БҒМ 2020-2022 жылдарға арналған гранттық қаржыландырылатын жоба АР08856309 «Инклюзивті білім беру шеңберінде студенттердің волонтерлік қызметін ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу» тақырыбы аясында дайындалды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 «Егемен Қазақстан» газетінің сайты [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділік тәртібі: <https://egemen.kz/article/220725-volonterlik-%E2%80%93-khalyqynh-shynauy-bolmysy>.
- 2 Құрманбайұлы Ш. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі: 9000-ға жуық кірме сөздер / Ш. Құрманбайұлы, С. Исақова, Б. Мизамхан, Г. Әлімбек, Г. Мамырбекова, Д. Боранбаев. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» ҚК, 2019. — 112 б.

- 3 Ожегов С.И. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений. — 4-е изд., доп. / С.И.Ожегов, Н.Ю.Шведова. — М.: ИТИ технологии, 2003.
- 4 Шакурова М.В. Методика и технология работы социального педагога: учеб. пос. для студ. высш. пед. учеб. зав. / М.В. Шакурова. — М.: Академия, 2002.
- 5 Xu Y., Ngai N. (2011) *Moral resources and political capital: Theorizing the relationship between voluntary service organizations and the development of civil society in China* / Nonprofit and Voluntary Sector Quarterly. 40(2). P. 247269.
- 6 Wilson J. (2000) *Volunteering* / Annual Review of Sociology. № 26. P. 215240.
- 7 Екимова С.Г. Волонтерское движение в гуманитарном вузе / С.Г. Екимова // Высшее образование в России. — 2006. — № 12. — С. 92–97.
- 8 Стеббинс Р.А. Свободное время: к оптимальному стилю досуга / Р.А. Стеббинс // Социологические исследования. — 2006. — № 7. — С. 64–72.
- 9 Амбарова П.А. Управление временем в темпоральных стратегиях поведения социальных общностей: моногр. / П.А. Амбарова. — Екатеринбург: УрФУ, 2015. — 252 с.
- 10 Арсеньева Т.Н. Психолого-педагогические основы разработки и внедрения инновационных проектов молодежного добровольчества / Т.Н. Арсеньева // Изв. Рос. гос. пед. ун-та им. А.И. Герцена. — 2010. — № 136. — С. 46–55.
- 11 Козодаева Л.Ф. Добровольческая деятельность как основа воспитания нравственных качеств студенческой молодежи / Л.Ф. Козодаева // Вестн. Том. гос. ун-та. — 2010. — Вып. 11 (91). — С. 121–126.
- 12 Черепанова Н.В. Социальное обучение в добровольческом движении: автореф. дис. ... канд. пед. наук: 13.00.01 — «Общая педагогика, история педагогики и образования» / Н.В. Черепанова. — Ставрополь, 2006. — 31 с.
- 13 Воронов В.В. Технология воспитания / В.В. Воронов. — М.: Школьная пресса, 2000. — 94 с.

С.К. Абильдина, Р.К. Дюсембинова, А.Р. Рымханова, С. Риза

Педагогические условия подготовки студентов вуза к волонтерской деятельности

Статья посвящена проблеме развития волонтерского движения студентов в Казахстане и педагогическим условиям исследуемого процесса. Рассмотрены исторические предпосылки развития волонтерства в Казахстане и зарубежом, а также определены концептуальные основы подготовки студентов вуза к волонтерской деятельности в условиях инклюзивного образования в процессе профессионального обучения. Очевидно, что ни одно общество не может эффективно развиваться без моральных идеалов добра. Определены факторы, обеспечивающие успешное педагогическое развитие процесса подготовки студентов университета к волонтерской деятельности в рамках инклюзивного образования. Авторами выделены такие факторы, как личностное становление будущего специалиста, личностно-ориентированная деятельность преподавателей в процессе подготовки к волонтерской деятельности, создание благоприятного психологического климата в процессе подготовки к волонтерской деятельности. При этом определены педагогические условия исследуемого процесса. Авторы приходят к выводу, что эффективность подготовки студентов к волонтерской деятельности зависит от создания условий, в которых отражаются все выделенные факторы. Анализируя философско-педагогическую литературу, изучая историю становления волонтерского движения, авторы уточняют сущность таких понятий, как доброта и милосердие, «дети с особыми образовательными потребностями». Авторы предприняли попытку систематизировать накопленный опыт, обобщить полученные данные и пришли к выводу о том, что эффективность подготовки студентов к волонтерской деятельности в условиях инклюзивного образования зависит от создания условий, отражающих все выявленные факторы.

Ключевые слова: волонтерство, волонтерская деятельность, волонтерские инициативы, студент, студенческое волонтерство, условия, педагогические условия, высшее учебное заведение, дети с особыми образовательными потребностями, инклюзивное образование.

S.K. Abildina, R.K. Dyusembinova, A.R. Rymkhanova, S. Riza

Pedagogical conditions for preparing university students for volunteer work

The article is devoted to the problem of the development of the student volunteer movement in Kazakhstan and the pedagogical conditions of the process under study. The historical prerequisites for the development of volunteerism in Kazakhstan and abroad are considered, as well as the conceptual foundations for preparing students of higher educational institutions for volunteer activities in the context of inclusive education in the

process of professional training are determined. It is obvious that no society can develop effectively without the moral ideals of goodness. The factors that ensure the successful pedagogical support of the process of preparing university students for volunteer activities in the framework of inclusive education are determined. The authors identify such factors as the personal development of the future specialist, the personal-oriented activity of teachers in the process of preparing for volunteer activities, the creation of a favorable psychological climate in the process of preparing for volunteer activities. At the same time, the pedagogical conditions of the process under study are determined. The authors conclude that the effectiveness of preparing students for volunteer work depends on creating conditions that reflect all the identified factors. Analyzing the philosophical and pedagogical literature, studying the history of the formation of the volunteer movement, the authors clarify the essence of such concepts as kindness and charity, “children with special educational needs”. The authors made an attempt to systematize the accumulated experience, summarize the data obtained, and conclude that the effectiveness of preparing students for volunteer activities in an inclusive education depends on creating conditions that reflect all the identified factors.

Keywords: volunteering, volunteer activity, volunteer initiatives, student, student volunteering, conditions, pedagogical conditions, higher educational institution, children with special educational needs, inclusive education.

References

- 1 «Egemen Qazaqstan» gazetinin saity [Site of the newspaper «Sovereign Kazakhstan»]. *egemen.kz*. Retrieved from <https://egemen.kz/article/220725-volonterlik-%E2%80%93-khalyqtynh-shynay-bolmysy>. [in Kazakh].
- 2 Kurmanbaiuly, Sh., Isaqova, S., Mizamkhan, B., Alimbek, G., Mamyrbekova, G., & Boranbaev, D. (2019). *Qazaq tilinin kirme sozder sozdigi, 9000-ga zhuyq kirme sozder [Dictionary of introductory words of the Kazakh language]*. About 9000 input words. Almaty: Ulttyq audarma biurosy [in Kazakh].
- 3 Ozhegov, S.I., & Shvedova, N.Yu. (2003). *Tolkovyi slovar russkogo yazyka: 80000 slov i frazeologicheskikh vyrazhenii [Explanatory dictionary of the Russian language]*. Moscow: ITI tekhnologii [in Russian].
- 4 Shakurova, M.V. (2021). *Metodika i tekhnologiya raboty sotsialnogo pedagoga [Methodology and technology of the work of a social teacher]*. Moscow: Akademiia [in Russian].
- 5 Xu Y., & Ngai N. (2011). Moral resources and political capital: Theorizing the relationship between voluntary service organizations and the development of civil society in China / *Nonprofit and Voluntary Sector Quarterly*, 40(2), 247269.
- 6 Wilson J. (2000). Volunteering / *Annual Review of Sociology*, 26, 215240.
- 7 Ekimova, S.G. (2006). Volonterskoe dvizhenie v gumanitarnom vuze [Volunteer movement in the humanities university]. *Vysshee obrazovanie v Rossii – Higher education in Russia*, 7, 92–97 [in Russian].
- 8 Stebbins, R.A. (2006). Svobodnoe vremia: k optimalnomu stilii dosuga [Free time: towards an optimal Leisure style]. *Sotsiologicheskie issledovaniia – Sociological Research*, 7, 64-72 [in Russian].
- 9 Ambarova, P.A. (2015). *Upravlenie vremenem v zerkale temporalnykh strategii povedeniia sotsialnykh obshchnosti [Time management in the mirror of temporal strategies of behavior of social communities]*. Ekaterinburg: UrFU [in Russian].
- 10 Arseneva, T.N. (2010). Psikhologo-pedagogicheskie osnovy razrabotki i vnedreniia innovatsionnykh proektov molodezhnogo dobrovolchestva [Psychological and pedagogical bases of development and implementation of innovative projects of youth volunteerism]. *Izvestiia Rossiiskogo gosudarstvennogo pedagogicheskogo universiteta imeni A.I. Gertsena – Proceedings of the A. I. Herzen Russian State Pedagogical University*, 136, 46–55 [in Russian].
- 11 Kozodaeva, L.F. (2010). Dobrovolcheskaia deiatelnost kak osnova vospitaniia npravstvennykh kachestv studencheskoi molodezhi [Voluntary activity as a basis for the education of moral qualities of students]. *Vestnik Tomskogo gosudarstvennogo universiteta – Bulletin of TSU*. 11(91), 121–126 [in Russian].
- 12 Cherepanova, N.V. (2006). Sotsialnoe obuchenie v dobrovolcheskom dvizhenii [Social learning in the voluntary movement]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Stavropol [in Russian].
- 13 Voronov, V.V. (2000). *Tekhnologiya vospitaniia [Technology of education]*. Moscow: Shkolnaia pressa [in Russian].